

*М.П. Оспанбаева*<sup>1</sup>

<sup>1</sup> ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының  
Жамбыл облысы бойынша филиалы,  
Тараз қ., Қазақстан

## САЛЫСТЫРМАЛЫЛЫҚ ТЕОРИЯСЫН ПСИХОЛОГИЯДА ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада салыстырмалылық теориясын физикалық кеңістіктен психологиялық жазықтыққа трансформациялау мәселесі қарастырылды. Кванттық талдаулар мен метафизикалық модель негізінде жүргізілген зерттеу, А.Эйнштейн теориясындағы кеңістік-уақыттық континуум өлшемін психологияда қолдану мүмкіндігіне талдау жасады. Мәселен, қалыптасқан ахуалды талдау барысында ақпарат, субъективті ойлау, оқиғаның өзі және оған кеңістік пен уақыттың қатынасы қарастырылады. Жағдайды кешенді түрде, кеңінен талдау нәтижесінде біржақтылықтан арылып, тұлға көзқарасы, ой өрісі, жалпы дүниетанымның кеңеюі орнығады. Демек, кісінің бастапқы көзқарасы мен қорытынды көзқарасы өзара байланысты бола отырып, жағдайды таразылауға қатысты, салыстырмалы сипатқа ие. Сондай-ақ, кеңістік-уақыттық континуумға қатысты дәлдік тап қазір және осы жердегі оқиғаға орай, таным мен мінез-құлық арасында өзара байланыс орнату үшін аса маңызды.

Зерттеу ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының Жамбыл облысы бойынша филиалында жүргізілді. Мақаланы әзірлеу барысында ғылыми айналымға “Психологиялық қатынас теориясы” термині жасалып, ұсынылды.

**Түйін сөздер:** салыстырмалылық, теория, байланыс, қатынас, кеңістік, уақыт, тұлғааралық, құрал, таным, қозғалыс, қабылдау.

*М.П. Оспанбаева*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Zhambyl branch of the Academy of public administration under the President of the  
Republic of Kazakhstan,  
Taraz, Kazakhstan

## APPLICATION FEATURES OF THE THEORY OF RELATIVITY IN PSYCHOLOGY

*Abstract*

The article considers the problem of the transformation theory of relativity from the physical space to the psychological plane. Explored possibility of application in the psychology space-time continuum - a measurement from Einstein's theory. The basis of exploration was the quantum paradigm and the metaphysical aspect of reality. For example, when analyzing the current situation, considered such parameters as information, subject thinking, the event itself and time-space effect. As a result of such a comprehensive analysis, one-sidedness is eliminated, a broader perspective of the vision of the overall picture is established, which leads to awareness. Consequently, the initial position and the end result is closely related to mutual and have a relative character to situations. In addition, the accuracy of the Spatio-temporal continuum is crucial for establishing the relationship between cognition and behavior in the present and in the context of what is happening.

The study was conducted at the Taraz branch (Zhambyl region) Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan. During the preparation of the publication, a special term was created - an analog of the “theory of psychological relativity” for the Kazakh-speaking scientific community.

**Keywords:** relativity, theory, connection, attitude, space, time, interpersonal, means, cognition, movement, perception.

## ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕОРИИ ОТНОСИТЕЛЬНОСТИ В ПСИХОЛОГИИ

### Аннотация

В статье рассматривается проблема трансформации теории относительности с физического пространства на психологическую плоскость. Исследована возможность применения в психологии пространственно-временного континуума - измерения из теории А.Эйнштейна. За основу исследования были взяты квантовая парадигма и метафизический аспект действительности. К примеру, при анализе текущей ситуации учитываются такие параметры, как информация, мышление субъекта, само событие и эффект пространства и времени. В результате такого комплексного анализа устраняется односторонность, устанавливается более широкая перспектива видения общей картины, что приводит к осознанности. Следовательно, исходное положение и конечный результат тесно связаны между собой, и имеют относительный характер к ситуации. Кроме того, точность пространственно-временного континуума имеет решающее значение для установления взаимосвязи между познанием и поведением в настоящем и в контексте того, что происходит.

Исследование проводилось в Таразском филиале (Жамбылская область) Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан. В ходе подготовки публикации был создан специальный термин - аналог "теории психологической относительности" для казахскоязычного научного круга.

**Ключевые слова:** относительность, теория, связь, отношение, пространство, время, межличностное, средство, познание, движение, восприятие.

Болмыс - біреу, ал оған деген қатынас, дәлірек айтқанда, оны қабылдау мүмкіндіктері әрқалай. Себебі ақиқатты әр адам өз шындығының шеңберінде таниды. Жеке дүниетаным тұрғысынан алғанда, бұл нақты бір адамның өзіндік тәжірибесіне негізделген, субъективті қабылдау болғандықтан да, сол жанға ғана тиесілі ақиқат әлемі. Демек, болмысқа деген әр әлемнің қатынасы салыстырмалы сипатқа ие. Бұл - оқиғаның психологиялық жағы болып табылады. Бұдан өзге, мызғымас берік абсолют ақиқат бар емес пе? Үрдісті бақылау, яғни жалпы жағдайды көре білу, бұл - болмыстың субъективті санадан тысқары жағы. Осы тұрғыдан алғанда, барлығы да салыстырмалы...

Кеңістіктің «бумеранг» заңының мәні де жаратылыста барлығының өзара байланысты екенін, демек қатынастардың салыстырмалылығын көрсетеді. Осы ұғымның мағынасын анықтау үшін кванттық механиканың метафизикалық талдауларына сүйенеміз. Себебі, кеңістік табиғатының жалпы бірлігі мен тұтастық заңын философиялық тұжырымдар мен қазіргі ғылыми-жаратылыстық білімдердің өзара сәйкестігіне құрылған метафизикалық модельдің түсіндіру тиімділігі жоғары [1].

"Байланыс" ұғымы Әл-Фарабидің метафизикалық трактаттарында ең жалпы түрдегі қатынас, ал қатынас - қандай да бір байланыс, деп анықтала отырып, "әр екі заттың қандай да бір бөліктің арқасында бір-бірімен байланысуы" ретінде түсіндіріледі. Демек, бастапқы заттың бір бөлшегінің, екінші заттың кез-келген бір бөлшегімен ұқсастығының арқасында орнығатын қатынас, байланыс болып табылады. Ал енді осы тұжырымды материялық (заттық) жазықтықтан логикалық (құбылыстық) кеңістікке трансформациялайтын болсақ, байланыстырушы және біріктіруші бөлшектер салдарынан туындаған қатынасты анықтаймыз. Олай болса, тіршіліктің қайнар көзін ауа, су, жер, адам, т.б. деп тану арқылы, Әл-Фараби тұжырымдаған "қатынас дегеніміз, категориялардан басқаның бәріне тиесілі" екенін көреміз [2].

Бұл туралы физикалық дүниетанымның ұлы бетбұрысы болып танылатын, болмыстың біздің қабылдауымыздағы шындықтан анағұрлым нәзік екендігі жөніндегі Коперник болжамына да сүйенуге болады [3].

XX-ғасырда физикадағы түйіспеген тұстар мен қарама-қайшылықтардың жойылып, кеңістік-уақыт құрылымы туралы ұғымның түбегейлі өзгеруіне салыстырмалылық теориясы (СТ) ықпал етті және көптеген тәжірибелер мен зерттеулер арқылы сыналып, расталды. Осылайша,

Эйнштейннің салыстырмалылық теориясы барлық заманауи іргелі физикалық теориялардың негізіне қаланды. Ал ХХІ-ғасырда СТ жаратылыстану ғылымдарынан тыс, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың, әсіресе философия мен психологияның зерттеу нысанына айнала бастады. Оның негізгі себебі - біз өмір сүріп отырған ақпараттық ғасырдың басты белгісі болып саналатын жаһандану үрдісіне байланысты. ХХІ-ғасыр ғылымына тән ерекшелік - негізі синтездік қатынасқа бағытталған интеграциялық даму: адамның ғаламмен байланысы оның болмысына тәуелді; адам әлемнен өзінің танымына сай, түсінуіне лайық, яғни қабылдауға дайын ақпаратты алады. Егер осы постулатты кең көлемде қарастырар болсақ, адам ғаламнан өзінде жетіспейтінді алып, оған өзінің бөлшегін береді. Сондықтан да, адам болмысына барынша тереңірек үңілу, ортаға сәйкес келуі үшін, оның қандай болу керектігін түсінуде аса қажетті алғышарт.

Жекелеген мінез-құлық немесе оқиға, оны кімнің және қалай сезінуіне байланысты, әрқалай қабылданып, өңделеді. Біздің мінез-құлқымызға көп ретте әсер ететін және оны анықтайтын дерек - өзімізді басқаларға қатысты қалай қабылдайтынымыз; әрі біз оны өз көзқарасымыз тұрғысынан және қарама-қарсы, яғни өз ойымыздан шығарылған көзқарас тұрғысынан бағалаймыз. Р.Дилтс анықтауынша, Эйнштейннің қозғалыстағы дене мен қимылсыз дененің арақатынасы туралы бақылаулары қарама-қарсы көзқарастардың классикалық мысалы болып табылады. Ғылым мен философияның қай саласында болмасын, мұндай қостағандар көптеп кездесетінін айта келе, Р.Дилтс біршама мысалдар келтіреді: материя - энергия, бөлшек - толқын, тұрақты - өзгермелі, тән - рух, ескі - жаңа т.б. Мұндай іргелі өлшемдер өңделетін ақпаратты нақтырақ тануға негіз болады: біріншіден, жаратылыс және осы дүниетаным үлгісін ұсынған бақылаушы болмысы туралы; екіншіден - сол әлемнің нақты табиғатынан хабар береді. Ал енді осы болжамды нейролингвистикалық бағдарлама (НЛБ) тұрғысынан қарастырар болсақ, онда оны қабылдаудың іргелі екі бағыты бойынша талдауға мүмкіндік алынады:

1) бірінші бағыт - орын алған жағдайды тұлғаның 1-жақтан, яғни өзіне тән субъективті таным шеңберінде қабылдауы;

2) екінші бағыт - басқа адамның көзқарасы тұрғысында талдауы.

Жоғарыда келтірілген қостағандар деңгейінде, бұл екі бағытты қарама-қарсы көзқарас деп болжауға болады. Ол - жағдайдың біржақты баяндалуымен салыстырғанда, анағұрлым толығырақ әрі маңызды ақпарат алуға ықпал етеді. Болмысты осылайша тану “екі жақты баяндау тәсілі” деп аталып, қазіргі уақытта тәжірибелі психологияда, НЛБ-да және коучингте кеңінен қолданылады. “Екі жақты баяндау тәсілі” мәселеге 2 түрлі көзқарасты құрайтын болса, оны түйіндеу немесе шешімін тарқату, яғни жағдайды салмақтап, төрелігін шығару үшін, бұлардан тысқары тұрған үшінші жаққа жүгіну қажеттілігі туындайды. Метабағыт атауымен белгілі болған үшінші бағыттың міндеті қарама-қарсы көзқарастарды жақындастырып, өзара байланыстыру; туындаған қайшылықтарды шешу [4].

А.Эйнштейн қозғалыстағы дене мен қимылсыз бақылаушы жөніндегі әйгілі қабылдауын (мысалын) нақ осы бағыт деңгейінде қарастыру нәтижесінде, олардың шын мәнінде, жарық жылдамдығымен анықталған бір қатынас көрінісі екенін тапты [5].

Эйнштейн мысалындағы қимылсыз бақылаушы - дәстүрлі болмыс; яғни сызықтық өлшемге таңылған логикалық тұрақты құрылым, қозғалмайтын нысандарды білдіреді. Ал қозғалыстағы бақылаушы - бұл шығармашылық қиял, еркін ой, икемді болмыс, өзгерісті құрайды. Атақты физик ашқан осы жаңалықтар болмысқа әсер етпегенімен, ғалам туралы түсініктің өзгеруіне ықпал етті. Кейіннен ол жаңа көзқарасты болмысты қабылдаудың дәстүрлі формасымен үйлестіруге талпынды. Осы тұста назар аударуға тұрарлық тағы бір жайт бар: ол - қарастырылып отырған теорияның атауына байланысты. Нақтылап айтар болсақ, түпнұсқада “relevant” сөзімен беріліп, орыс тілінде “относительность” терминін еншілеген ұғым, қазақ тілінде “салыстырмалылық” деген атауда қолданылып жүр. Физиктер арасында бұл әбден сіңісті болған термин. Ал енді, оны психологиялық жазықтыққа ауыстырғанда, негізгі нысан - адам болғандықтан, “салыстырмалылыққа” қарағанда “қатынастылық” ұғымы мәселені дәл ашатыны сөзсіз. Бұл туралы Әл-Фараби трактаттарында, әр пән шеңберінде егжей-тегжейлі талданылған және “қатыстылық”, “қатынас” ұғымдарының арақатынасы терең түсіндірілген [6].

Сондықтан, объективті мен субъективті арасындағы байланысты қатынас деп, ал осы теорияны қазақ тілді ғылыми айналымға “психологиялық қатынас теориясы” атауымен енгізген жөн деп есептеймін.

Салыстырмалылық теориясын бір жазықтықтан екінші жазықтыққа ауыстыруды жалғастырған тағы бір зерттеу - Маттиас Дж. Коорнстраның “Таңдауды өзгерту: психологиялық салыстырмалылық теориясы” [7].

Берілген монографияда автор психологиялық кеңістіктерді жазық және шексіз деп анықтай отырып, оларды көпөлшемді талдау геометриясын ұсынды: “Психологиялық кеңістіктің геометриялық табиғатының проблемасын шеше отырып, біз маршрутты таңдадық”. Сезім, реакция және валенттік сынды психологиялық шкалалардың әмбебап қасиеттері, кеңістіктің өзара байланысын эксперименттік зерттеу барысында, нөлдік есептеу нүктесі ретінде қарастырылды және нөлдік тірек нүктелері жеке бейімделу нүктелері деп тұжырымдалды. Маттиас Дж. Коорнстраның осы атауы қазіргі тәжірибелік психологияда кеңінен қолданылып жүрген “бастапқы қалып” ұғымына саяды. Автордың түпкі идеясы - таңдауды өзгерту арқылы болмысқа оң ықпал ету болатын болса, “нөлдік нүкте” психологиялық мәселені шешу тетігі ретінде қарастырылып отыр. Мәселен, қандай да бір психоэмоциялық ауытқу жағдайын, тура соған бағытталған, мақсатты әсер көмегімен, бастапқы қалыпқа түсіру арқылы, оң нәтиже алу, яғни сауықтыру болып табылады. Тиімділігі аса жоғары осы психотерапиялық әсер “кері шегініс” техникасының көмегімен жүзеге асырылады. Сонымен, бұл мысалдан өткен шақтағы шындықтың ағымдағы шындыққа (немесе керісінше) ықпалын көреміз және олардың арақатынасынан салыстырмалылықтың психологиялық сипатын аңғарамыз. Демек, клиенттің қазіргі - мәселелі психика жағдайындағы сезімдерінің көрінісі мен әуел бастағы - бұрмаланбаған психика жағдайындағы сезімдер көрінісінің арақатынасы; сондай-ақ олардың әрқайсысының әлдебір нысанаға байланысты жекелеген қатынасы *таңдауды*, ал түптеп келгенде *өзгерісті* көрсетеді. Бұл туралы Құран-Кәрімнің Әнфал сүресінің 53-аятында “олар өздерін өзгертпейінше, өзгертпейді” делінген [8].

“Өздерін өзгерту” тұлға таңдауы негізінде іске қосылса, осы өзгерісті болдыратын ұлы күш - абсолют екендігі анық. Міне, бұл мысалдан да, таңдау адамға тиесілі екендігін, өзгеруге ниеттенген жанның қалауы кванттық механика ережелеріне сәйкес, бүкіл ғалам, кеңістіктік қолдауға ие болатынын, сондықтан да, кезекті рет, адам баласы аса құдыретті әрі ерекше сыйлы тіршілік көзі екендігінің куәсі боламыз. Демек, “Адам - еркін таңдау иесі” постулатының қолданбалы құндылығы сонда - тұлға өзінің болмыс ерекшелігін тағдырға сілтеп, қарекетсіздікке бойсұнбай, ғұмырын қалауынша сүруге жауапкершілік алып, өз өмірінің қожасы ретінде, толыққанды иелік ететіндігінде. Нәтижесінде, әр бір жекелеген санадан құрылған ұжымдық сананың, кеңістіктік санамен арақатынасы, салыстырмалы сипатқа ие болып табылады. Ал, егер оны кеңістік-уақыттық төртөлшемдік континуум аясында қарастыратын болсақ, “жеке сана - ұжымдық сана - кеңістіктік сана - таңдау (ниет)” формуласын аламыз.

М.Коорнстра монографиясында ұсынылған көптеген психологиялық деректердің ішінде ерекше назар аударуға тұрарлық тұс - ұқсастық категориясы (7-тарау). Автор өз зерттеуінде ұқсастық пен жеке ұқсастықты таңдау дилеммасы ретінде салыстыра отырып, таңдаудың мән-жайларға байланыстылығын негіздеді. Дәл осындай дуализмдерді жеке немесе жалпы қатынас тұрғысынан салыстыру мысалдары Р.Дилтс еңбектерінде де көптеп кездеседі.

Жалпы салыстырмалылық теориясының басты жетістіктерінің бірі - уақыт пен кеңістіктің бірлігі, яғни кеңістік-уақыттық төртөлшемдік континуумның қалыптасуы. Таратып айтар болсақ ені, ұзындығы, биіктігі деп аталатын кеңістіктің 3 өлшемі және уақыт қосындысы. Біз оны өз зерттеуімізде “3 + 1” тізбегімен бейнеледік. Ғылыми айналымға Эйнштейн енгізген бұл бірліктің қазіргі психологияда қолданысын айғақтайтын еңбектер баршылық. Мысал ретінде солардың бірінен үзінді келтірейік: Чарльз Бейлидің “Психологиялық салыстырмалылық және когнитивті эволюцияның жалпы теориясы” зерттеуі. Автор бұл еңбегінде кеңістік-уақыттық континуумды тұлғаның танымдық ойлау үрдісінің құрамында қарастырады: “когнитивті ойлау процестері - ақпараттың дәлдігін, ойлау процесінің дәлдігін және кеңістік-уақыттық континуум дәлдігін қоса алғандағы когнитивті дәлдікке байланысты...” [9].

Тұлғаның нақты, ұтымды ойлауы мен мінез-құлығына тиісті өлшемді қамтамасыз ету үшін, жоғарыда көрсетілгендей, ақпараттың дәлдігі, ойлау дәлдігі, оқиға дәлдігі және кеңістік-уақыттық дәлдік қажет. Бұлардың барлығы және әрқайсысы болған, орын алған жағдайда тура және ақылға қонымды талдауды қамтамасыз етеді. Кеңістік-уақыттық континуумға қатысты дәлдік тап қазір және осы жердегі оқиғаға орай, таным мен мінез-құлық арасында өзара байланыс орнату үшін аса маңызды. Автордың ескертуі бойынша “оқиға дәлдігі” кей жағдайда кеңістік-уақыттық континуумды белгілеу үшін пайдаланылуы мүмкін, өйткені ол уақытпен шартталған болмыс табиғатын жақсы көрсете біледі.

Сондықтан да, қазіргі қолданыстағы заманауи психо-коучингтік техникалардың мазмұны уақыт өлшемімен шартталған. Оған мысал ретінде SMART техникасын қарастырайық. Нақты, маңызды, қолжетімді, өлшенетін әрі белгілі бір уақыт аясын қамтитын осы тәсіл, керексіз

ақпараттарды жою арқылы, қарастырылатын мазмұн көлемін барынша тарылтып, тек аса қажеттілерін ғана қалдыру негізінде, зейіннің шоғырлану нысанын нақтылайды; нәтижесінде танымдық дәлдік (Ч.Бейли бойынша - когнитивтік) орнығады. Бұл, салыстырмалы тұрғыдан алғанда, “ауқымдылық - нақтылық” қостағаны немесе “фон және фигура” баяны; яғни жаратылыстың сансыз нығметтерінің арасынан өз қалауыңды тану немесе таңдау. Ал, егер оның психологиялық құндылығына тоқталар болсақ, тікелей әсер ету арқылы, ойлау әрекетіндегі индукция және дедукция құбылыстарының қолданбалылығын арттыратындығын анықтаймыз; демек, жалпылаудан жалқылауға (және керісінше) жылдам ауысудың оңтайлы тетігі алынады. Ол, өз кезегінде, субъективтік танымды күшейтеді; тұлғаның танымдық ұтқырлығын арттырады; өзара қарым-қатынастар жүйесінде түсінісу үрдісін жеңілдетеді және т.б.

Ч.Бейли теориясындағы кеңістік-уақыттық дәлдіктің тағы бір қолданбалы маңызы - жағдайды біртұтас, кешенді қарастыруға көмектесетіні. Мәселен, психологиялық өнім ретіндегі іс-әрекет сипатын, оның жүзеге асырылған мерзімін нақтылау нәтижесінде, сол кезеңде (уақытта) орын алған оқиғалар аясында талдау арқылы, кең көлемді ақпарат жинау мүмкіндігіне ие боламыз. Бұл - оқиғаның болмысқа (кейде керісінше) қатыстылығын көрсетеді.

Ал енді, психологиялық салыстырмалықтың жалпы теориясы шеңберінде, ақпараттың дәлдігі, жорамалдар санын азайту нәтижесінде, уақыт ресурсын үнемдеуге қол жеткізеді; сондай-ақ иланым деңгейінің артуы арқылы, оң қатынастың қалыптасуына ықпал етеді. Ч.Бейли ұсынған ойлау дәлдігі қатыстылық шеңберін тарылтып, керісінше, байланыс аясын арттырады. Мысалы, сұлулық туралы ой, нақты адамның талғамына қатысты деңгейге дейін тарыла отырып, оны қамту аясын кеңейте түсетіні сияқты.

Ч.Бейли мен М.Коорнстра зерттеулеріне тән ортақтық - олар психологиялық салыстырмалылық теориясының негізіне когнитивизмді қою арқылы, адам құдыреттілігін паш етті.

Сонымен, Чарльз Бейлидің когнитивтік дәлдік ұғымымен байланысты психологиялық салыстырмалылық теориясын талдау барысында, оның мәселені семантикалық жағынан баса сипаттағанын және А.Эйнштейннің “кеңістік-уақыттық төртөлшемдік континуум” формасының негізін қолданғанын көреміз. Демек, автордың сөзімен айтқанда, “Түр ретінде біз, әуел бастан, ойларымыз бен мінез-құлықтарымыздың тиімділігін өлшеуге сәйкес емес құралдарды пайдалануға бейімбіз. Ойлау және сөйлеу үшін сөздерді қалай пайдаланатынымызды сезінбестен, әрі жетістіктерімізді өзіміздің білместіктеріміздің жиынтық стандарттары аясында бағалай отырып, біз жиі дағдарып, түсініспеушілік пен эмоциялық шарасыздық құрбаны боламыз. Психологиялық салыстырмалықтың жалпы теориясы адам денсаулығын бағалау компоненттерін сипаттайды және осы компоненттер неғұрлым табысты психикалық процестер бағасын адам миының қалыпты қызметімен қалай байланыстыратынын түсіндіреді” [9].

Енді осы төрттік өлшемді заманауи коучинг үрдісінде қолдану ерекшелігіне тоқталайық. Ол үшін орын алған ахуалды нақты анықтауға ықпал ететін “Болмысты баяндаудың 4 тәсілі” классикалық техникасын талдау ұсынылады. Жағдайды 4 бағытта - “менің көзіммен”, “оның көзіммен”, “басқаның көзіммен” және жалпы өріс тұрғысынан қарастыру барысы да “3 + 1” тізбегіне сәйкес. Мұндағы алғашқы 3 позиция оқиғаға қатысты жандардың субъективті көзқарасын құраса, соңғы - өріс позициясы ой қуаты мен орта ахуалының әсерлесуінен туындайтын қуаттық-кеңістіктік шама. Бұл мысал төртөлшемдік континуумның практикалық психологияда және коучинг үрдісінде тұлғааралық қатынастар мен адами болмысты талдау *тетігі* ретінде қолданылу ерекшелігін тұжырымдайды.

Осы техниканы салыстырмалылық теориясы шеңберінде талдауды одан әрі жалғастырар болсақ, оның психологиялық мазмұны туралы маңызды дерек аламыз. Болмыс 4 түрлі тәсілмен баяндалғаннан кейін, коуч клиенттің назарын қабылдау айырмашылығына аударуы тиіс: 2-, 3-, 4- жақтан кейін өз позициясына (1-жақ) қайта оралу - жағдайды жаңа қырынан тануға ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, орын алған ахуалды талдау барысында біржақтылықтан арылып, кеңінен қарастыру нәтижесінде, тұлғаның ой өрісінің, көзқарасы, жалпы дүниетанымының кеңеюіне әкеледі. Бұл - оқиғаға қатынастың *таңдамалылығын*, яғни тәуелді айнымалылықты көрсетеді. Демек, клиенттің бастапқы сәттегі алғашқы көзқарасы мен қорытынды кезеңдегі түйінді көзқарасы өзара байланысты бола отырып (себебі екеуі де оның өз ойы, жағдайды жан-жақты таразылау салдарында пайда болған жаңа қатынас, өзінің дербес бағалауы), оқиғаға қатысты салыстырмалы сипатқа ие. Негіздеменің дәлелділігін жеңілдету үшін осы араға А.Эйнштейннің баласымен диалогын мысалға келтірейік. 1919ж. Эйнштейннің тоғыз жасар баласы Эдуард әкесінен сұрады: «Әке, сен неге осындай атақтысың?». Эйнштейн күлді, кейін шынымен

түсіндірді: «Қоңыз шардың үстімен жорғалап бара жатқанда өз жолының дөңес, қисық екенін білмейді, мен соны байқау бақытына ие болдым» [10].

Салыстырмалылық теориясының негізін құрайтын осы концепция Эйнштейннің болмыстың са-лыстырмалы табиғатын нәзік сезінуімен бірге, тұлға танымындағы әлемнің психологиялық үлгісі мен иланымдар жүйесін қайта қарауға итермеледі. Қабылдаулар мен иланымдар сырттан әсер ететін ық-палдарға бейім болғандықтан, өзгерістерге ұшырайды, сондықтан да олар салыстырмалы сипатқа ие.

Салыстырмалылық теориясының психологиялық астарын талдау барысында айрықша назау аударуды қажет ететін келесі маңызды аспект “кеңістік-уақыт қатынастарының материалдық үрдістерге қатысының жаңа жақтарының ашылуы”. Атап айтқанда, кеңістіктің ауырлық күшінің әсерінен майысатындығы; уақыт барысының күшті гравитациялық өрістерде баяулайтыны және өте күшті тартылыс өрісінде уақыттың толық тоқтайтындығы туралы фантастикалық болжамдарды кеңістік әлемінен адами әлемге трансформациялау; жарық жылдамдығы мен ой шапшаңдығын қостаған ретінде қарастыру. Бұл мәселелердің барлығы алдағы уақыттағы зерттеулер еншісінде.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Соловьёв Н.А., Посадский С.В. *Панентеистическая метафизика и квантовая парадигма*. - СПб.: НП-Принт, 2014. - 376 с. <https://azbyka.ru/otechnik/bogoslovie/panenteisticheskaja-metafizika-i-kvantovaja-paradigma>

2. Әбу Насыр әл-Фараби. *10 томдық шығармалар жинағы: Метафизика, II том*. Астана: “Лотос-Астана”, 2007, - 336б. (8-тарау: Байланыс. 63-66бб., 9-тарау: Қатынас. 66-69бб., 10-тарау: Қарым-қатынас пен байланыс. 69-72бб., 11-тарау: Категориялардың саны мен байланысы. 72-76бб.)

3. Тензин Гьяцо. *Вселенная в одном атоме: Наука и духовность на служении миру*. - Элиста., 2010. - 41 стр.

4. Роберт Дилтс. *Стратегии гениев. Том 2. Альберт Эйнштейн: Некоторые психологические аспекты ТО* [http://www.libma.ru/psihologija/strategii\\_geniev\\_tom\\_2](http://www.libma.ru/psihologija/strategii_geniev_tom_2)

5. Альберт Эйнштейн. *Собрание научных трудов: РЕЛИГИЯ И НАУКА*, М.: «Наука», 1967, т. IV, ст. 39, с. 126 <https://psibook.com/library/1021/27.html>

6. Әбу Насыр әл-Фараби. *10 томдық шығармалар жинағы: Метафизика, II том*. – Астана: “Лотос-Астана”, 2007., - 336 б. (“Катагурийас” кітабы. 4-бөлім: Қатынас және ара қатысты туралы пайымдау. 237-242бб., 5-бөлім: “Қашан?” категориясы туралы пайымдау. 242-243бб., 6-бөлім: “Қайда?” категориясы туралы пайымдау. 243-244бб., 7-бөлім: Жай туралы пайымдау. 244-246бб., т.б. 237-264бб.)

7. Matthijs J. Koornstra *Changing Choices Psychological Relativity Theory*. ISBN 978 90 8728 018 5 NUR 770, Leiden University Press, 2007. Page 301-398.

8. Құран-Кәрім. *Халифа Алтай аудармасы. Әнфал сүресі: 53-аят*. - 184 б.

9. Bailey, Charles. *A general theory of psychological relativity and cognitive evolution*. 2006. - Page 63. <https://www.researchgate.net/>

10. *Теория относительности Эйнштейна* <http://wikinauka.ru/fizika/>